



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.02.2024 № 176

№

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ерекше білім беруге қажеттілігі
бар балаларды инклюзивті
топтарға енгізу туралы**

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына және мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым басшыларының жолдаған қызметік хаттарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті топтар қосымшаға сәйкес келесі мектепке дейінгі ұйымдарда ашылып, балаларға жағдай жасалсын:

№2 «Батыр» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№7 «Аққу» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№8 «Думан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
11 бала;

№9 «Нұршапту» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
2 бала;

№20 «Арайлым» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№22 «Әлем» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№36 «Балапан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
5 бала;

№48 «Ақ көгершін» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№49 «Алтынай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 3 бала;

№51 «Алтын сандық» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

№52 «Еркетай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№56 «Береке» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

№60 «Арай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 2 бала;

№67 «Шұғыла» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 4 бала;

№78 «Асыл» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№80 «Ботақан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 4 бала;

№83 «Жансая» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 8 бала;

№85 «Мейіржан» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 6 бала;

№87 «Қадыр» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 3 бала;

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығына сәйкес инклюзивтік топтар үшін жағдай жасасын және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізсін.

3. Экономика және жоспарлау бөлімі штат кестесін қарастырсын және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес тиісті қосымша ақылар мен үстемақылар көзделсін.

4. Мемлекеттік-құқықтық бөлімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивтік топтардың ашылуына байланысты жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың Жарғысына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары С. Адылбаевқа жүктелсін.

Астана қаласы
Білім басқармасының
басшысы



Қ. Сенғазиев